



Ж.Рақыш

ҒЫЛЫМИ ҚОРЛАРДАҒЫ НҮРПЕЙІС БАЙҒАНИННІҢ ҚОЛЖАЗБА МҰРАСЫ

Халық ақыны Нұрпейіс Байғаниннің есімі қазақ әдебиеті тарихында Жамбыл Жабаевпен қатар аталады. Ұлы Отан соғысының алғашқы күндерінен бастап Қазақстанның түкпір-түкпіріндегі халық ақындары заман ағысына ілесе білді, елжұрттың, жауынгерлердің рухын көтеретін өлең-жырларды көп шығарды. Жамбыл, Нұрпейіс, Шашубай секілді халық ақындарының үгіт-насихат жұмыстарында белсенділік танытқаны белгілі, олардың үш айда шығарған өлеңдерінен «Халық қаһары» жинағы құрастырылды. «Қаһарлы сөз камал бұзады» деген жинақта мақал-мәтелдер, қанатты сөздер, батырлық жырлар мен Жамбыл, Нұрпейіс өлеңдерінен үзінділер жарияланды [1, 7080]. Соғыс кезінде бүкіл халықты жігерлендіріп, биыл жетпіс жылдығын атап отырған жеңіс күнін бір табан жақындатуға жалынды жырларымен үлес қосқан халық ақындарының еңбегі зор. Нұрпейіс Байғанин – Батыс жыршылық мектебінің

өкілі, Абыл, Шернияз, Нұрым, Қашаған, Ақтан, Қазақбай, Сабыр тәрізді белгілі ақын-жыраулардан үлгі алған эпик ақын. Жастайынан жыршылығымен көзге түскен Нұрпейіс ақын жиынтайларда, Темір, Ойыл, Ырғыз, Орал жәрмеңкелерінде өнер көрсетіп жүрген. Ол «Қобланды батыр», «Алпамыс батыр», «Ер Тарғын», «Қыз Жібек», «Аймаң, Шолпан» жырларының жинағындағы.

Нұрпейіс Байғаниннің шығармаларын жинау жұмысы 1938 жылдан басталады. Сол жылы қазақ әдебиетінде айтулы оқиға Жамбыл Жабаев шығармашылығының жетпіс бес жылдық тойы республика өлемінде кеңінен атап өтіледі. Халық ақындарын еліміздің түкпір-түкпірінен іздеп табу үшін аймақтарға арнайы тапсырмамен ақын жазушылар аттанады. Ақын Дихан Әбілев мұрындық болып, осы шараға арнайы шақырылып, арқалы ақын Нұрпейіс Байғанин май айында алғаш рет Ақтөбеден Алматыға «Ғасырдың қарт бұлбұлы», «Жамбылға» деген бірнеше жыр жазуын ала келеді, ол жан жақтан жиналған ақындармен кездесіп, сөз жарысына түседі.

Осыдан бастап Нұрпейістің жұлдызы жанады, бүкіл елге танылған ақтөбелік ақынға мемлекет тарапынан айрықша көңіл бөлініп, жағдай жасалады. Жазушылар Одағы оған арнайы әдеби хатшы бөледі, түрлі мемлекеттік наградалармен марапатталады. Нұрпейіс ақынның алғашқы әдеби хатшысы болып Ақтөбе облысындағы белгілі ақын, өз ісіне асқан жауапкершілікпен қарайтын Ахмет Ескендіров белгіленді. А. Ескендіров жиырма жасынан мұғалім болып, он екі жыл бойы бала оқытып, ел ішінде сауатсыздықты жоюға белсене атсалысқан азамат болатын. Сондықтан қарт жыраумен жұмыс істеудің ретін біледі. Ақтөбе облыстық «Социалды жол» газетінде қаламы өткір журналист ретінде көрінеді, жеті жыл мәдениет бөлімінің меңгерушісі болып қызмет істеген. 1938 жылдан бастап көкірегі сайрап тұрған, хат танымайтын 78 жастағы халық ақыны Нұрпейіс Байғаниннің әдеби хатшысы болып бекітілген төрт жылда осынау шығармашылық одақ жемісті еңбек етеді. Соның нәтижесінде 1939 жылы Нұрпейіс Байғаниннің «Өрістеген өмір» жинағы Ахметтің әдеби редакторлығымен жарық көрген. Өзі сұранып 1942 жылы соғысқа аттанып, екі жылдан соң қырық төрт жасында қан майданда қаза тапқан [2, 347-352]. Нұрпейіс Байғаниннің ең көркем де құнды туындылары бізге Ескендіровтың қолтаңбасымен жетті. «Қобланды» эпосының ең көлемді 9163 жолдан тұратын Нұрпейіс нұсқасын ақынның өз айтуынан 1940 жылы арнаулы хатшысы Ахмет Ескендіров жазып алған, түпнұсқасы емес, жырдың латын әрпінде машинкаға басылған нұсқасы «Ғылым ордасы» РМК Ғылыми кітапхананың қолжазба қорында сақтаулы тұр: ФК, Ш.62 Д. Жыр кіріспесінде ақын жыр туралы, оны өзінен бұрын жырлаған ұстаздары жайлы жеткізген. Ахмет

Ескендіровтің Байғаниннен 1938-1941 жылдары латын әрпінде жазып алған қолжазбалары Ғылыми кітапхананың қолжазба қорында (711 бума, 8 дәптер) жинақталған. Сонымен қатар Ғылыми кітапхананың Сирек қолжазбалар қорында (705 бума) жыршы Н. Байғаниннің жырлауындағы 1147 өлең жолынан тұратын «Алпамыс батыр» жыры, 4065 жолдан тұратын «Құбығұл» көне эпостық жыры, М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты Қолжазба қорында (106 бума) 2102 жолдан тұратын «Төрехан батыр» жыры, «Қырымның қырық батыры» атты жырлар циклінің құрамына кіретін 2102 жолдық «Қарасай, Қазы» жырының нұсқасы сақталған. Нұрпейіс Байғанин жырлаған жыр нұсқалары «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында дайындалған «Бабалар сөзі» жүзтомдық сериасының 33, 36, 41, 46, 52 томдарында

жарияланды. Нұрпейіс Байғаниннің мұрасына қатысты «Ғылым ордасы» РМК Ғылыми кітапхана сирек қолжазбалар қорында он бес бума (62, 88, 103, 105, 120, 121, 524, 649, 705, 711, 843, 886, 887, 1049, 1113 бума), М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба қорында он бес бума (1, 2, 168, 169, 170, 369, 370, 414, 426, 427, 428, 559, 566, 786, 946 бума) жинақталған, дегенмен М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба қорындағы біраз қолжазбалардың Ғылыми кітапхана қорындағы дүниелердің көшірмесі екені тағы рас. Нұрпейіс Байғаниннің шығармаларын, қолжазбаларын қорға тапсырған азаматтардың өмірбаяны, жинаушылық қызметі, қандай жағдайда және қалай жазып алынды деген мәселелер терең зерттеуді қажет етеді. Оның ішінде институт қызметкерлері Е. Ысмайылов, М. Ғұмарова, О. Нұрмағамбетованың, бекітілген әдеби хатшыларының қолтаңбасы сақталған қолжазба қорындағы халық ақыны Байғаниннің мұраларының кейінгі зерттеушілер үшін құны жоғары. Кеңес өкіметінің бағытына сай келетін, социализмнің көсемдері Ленин мен Сталинді жырлаған, түрлі тақырыптағы өлеңдерімен қатар көлемді эпикалық жырлары да жазылып алынғаны, Байғаниннің рухани мұрасының қолжазба қорларында сақталуы қазіргі таңда текстологиялық және деректанулық тұрғыдағы зерттеулерге жол ашады. Қолжазбадағы түзетілген, шимайланған тұстарды бастапқы қалпына келтіріп анықтауға осы заманда мүмкіндік бар. Нұрпейіс Байғаниннің өмірбаянына, әсіресе Қазан төңкерісіне дейінгі ақынның шығармашылығына қатысты әлі де көмескі жайттарды анықтау қажет, қолжазба қорында сақталған бар деректерді салыстыра отырып, ескі қағаздарды «сөйлетуге» болады деп ойлаймын. Мысалы, М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты қолжазба қорының 169 бумасында сол кездегі фольклор бөлімінің меңгерушісі, алаш қайраткерлерінің тәлімін алған, академик Мұхтар Әуезов «әдебиеттің еңбек торысы» атаған, сталиндік қуғын-сүргін кезінде жазықсыз айыпталған әдебиет зерттеушісі, әдебиет теориясы мен тарихына қатысты іргелі ғылыми еңбектердің авторы, Абайдың, Жамбылдың толық шығармаларының академиялық басылымдарын құрастыруға қатысып, редакциясын басқарған, филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан ҒАның корреспондент-мүшесі Есмағамбет Самұратұлы Ысмайылов 1944 жылы 14 қаңтарда Нұрпейіс ақын жөнінде жазған шығармашылық мінездемесінде мынадай мәлімет келтіреді: «1905-1906 жылы Темір жәрмеңкесінде Қазан баспагерлерінің бірі Нұрпейісті іздеп тауып, өлең-жырларын айтып беруін сұрап, бастыруға рұқсат сұрайды. Бірақ Нұрпейіс баспахана адамына мұның арты қалай болар деген қауіппен жыр айтып бермейд, бірақ сол өңірдегі Сабыр ақыннан жазып алған дүниелер «Сабыр жырау сөздері», «Орақ Мамай қиссасы» деген атпен 1908-

10 жылдары Қазан қаласында кітап болып басылған». Алдымен Нұрпейіс Байғаниннің Қазан төңкерісіне дейінгі кезеңдегі шығармашылық өмірін және бұл деректі тексеріп қарастыру қажет. Есмағамбет Ысмайылов тағы былай дейді: «Нұрпейіс жас шағында Ақтанды айтыста жеңіп, бес уез елге ақын аты тарайды. Осыдан соң қай елге барса да, Нұрпейіс қарсы алған халықтың құрметі мен ықыласына бөленеді. 25 жасында байболыстар түрмеге жабады. Ол Батыс Қазақстан, Торғай, Сырдария, Түрікпен, Қарақалпақ, Хиуа елдерінде жүріп жыр айтады. «Ер Едіге», «Орақ-Мамай», «Қазтуған», «Қарасай, Қазы», «Қобланды» жырларын бірнеше ай бойы айтады екен. Өз

аталары Көтібар, Есет, Бекет батыр туралы, «Ақ кенже», «Нарқыз» жырларын өз жанынан шығарған. Кенесары ұлы Сыздық туралы ертегіні айтып таратады». Осылайша есте жоқ ескі заманда болған ертегі деп атау арқылы Сыздық көтерілісін, тарихтағы хан Кене мен Сыздықтың орнын көрсетуден жалтару, басы даулы мәселені айналып өту деп ұғыну қажет. Институттың алдағы жылдарға жоспарланған ауыз әдебиеті үлгілерін жинақтайтын «Ғасырлар үні» 150 томдық сериясының алдында «Бабалар сөзі» жүзтомдығын дайындау барысында жинақталған тәжірибені пайдалана отырып, алдын ала Нұрпейіс Байғанин секілді халық ақындарының шығармаларын жүйелі түрде жинақтап, архивтер мен қолжазба қорларындағы мәліметтерді саралап, үлкен дайындықпен келу керек. Ауыз әдебиеті өкілдерінің шығармашылық лабораториясын зерттейтін жұмыс тобын құру қажет болады. Халық ақындарының өмірбаяндары жер-жердегі жинаушылар немесе институт қызметкерлері арқылы жазылып алынды, оның ішінде Тіл, әдебиет институтының ғылыми қызметкері Оразгүл Нұрмағамбетова 1960 жылы 24 наурызда жазған Нұрпейістің өмірбаяны Ғылыми кітапхананың 1113 бумасында, М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты қолжазба қорының 369 және 370-бумасында жинақталған. Қазақ КСР Мемлекеттік бақылау министрлігіне директордың орынбасары Ғ.Мұсабаев халық ақыны Н.Байғаниннің шығармалар жинағын дайындау Қаз КСР Министрлер кеңесінің қаулысы бойынша Тіл және әдебиет институты мен Қазақстан Кеңес жазушылары одағына тапсырылғанын, 1947 жылғы баспажоспарына енгізілмей, қаржы қарастырылмағандықтан 1948 жылы ғана Байғанин шығармаларын жинауға кірісіп, 1949 жылғы 2 шілдеде институттың Ғылыми кеңесі шешімімен Қоғамдық ғылымдар бөліміне ұсынылғанын, қазір жұмыс баспада екенін айтып түсінік берген. Қазақ КСР ҒА президентінің көмекшісі А.Сыздықовтың тапсырмасымен О.Нұрмағамбетова жазған анықтамаға қарағанда, 1947 жылдан бастап институт қызметкерлері Байғанин шығармашылығын зерттеумен айналысып, 1950 жылы Н.Байғаниннің шығармалар жинағын қазақ тілінде, 1956 жылы Н.Байғанин шығармалар жинағының түзетілген 2-басылымын дайындаған, осыдан кейін ақынның шығармаларын жариялаумен айналыспаған екен. Халық шығармашылығы бөлімінің аға ғылыми қызметкері, қазақ қолжазбаларының жанашыры, эпостанушы Мәлике Ғұмарованың қолымен 1957 жылдың 16 қарашасында қарындашпен жазылған, талапта көрсетілгендей бөлімге 500 метр емес, 5000 м магнитофон таспасы қабылданғаны жөнінде берген анықтаманы (осы бумада сақталған) ғылым тарихы мен деректануға қатысты қызықты мәлімет ретінде қабылдауға болады. Қазақ КСР Орталық мемлекеттік архив бастығының міндетін атқарушы А.Самойловтың қолы қойылған 1955 жылғы 19 наурыздағы өтініш негізінде институтқа Н.Байғаниннің сегіз фото көшірмесін берген. Ұлы Отан соғысы кезінде халық ақындарының жеңіске үндеген үгіт өлеңдері орыс тіліне тез арада аударылып жатты, сол секілді Н.Байғаниннің рухты жырлары орыс тіліне аударылып, «Известия» сияқты орталық басылымдарда жарияланғаны белгілі, Ғылыми кітапхана қорының 886 бумасында сақталған Ш.Бекмұхамедов, М.Тарловский, Бекишев, Л.Копыткин жасаған Байғанин шығармаларының аудармасы аударма сапасы мен көркемдік мағыналық сәйкестігі тұрғысында талдануы, арнайы зерттеудің нысаны болуы тиіс. Қазіргі кезде аудармашы Қайрат Жаңабаев Нұрпейіс өлеңдерін орыс тіліне аударумен айналысып жүргені 2010 жылы ақынның 150 жылдығына арналған институт ұйымдастырған дөңгелек үстел барысында сөз болған еді. Келешекте «Байғанин шығармаларының аудармалары» деген тақырыпта іргелі зерттеулер жазылуы тиіс. Жыршылық дәстүрді жете меңгерген төкпе ақын Нұрпейіс Байғаниннің әдеби хатшылар әр жылдары талантты ақындар Мәриям Хакімжанова мен Қуандық Шаңғытбаев болған. Ғылыми кітапхана қорының 711 бума 1-дәптерінде араб әрпінде жазылған қолжазбаны 1941-1944 жылдары М.Хакімжанова жинаған. ӘОИ-дің ҚК 169- бумада 1943 жылы 6 наурызда Қуандық Шаңғытбаевтың Қазақстан кеңес жазушылары Одағы Президиумы төрағасы Сәбит Мұқановқа орыс тілінде жазған мәлідемесі

сақталған. Ресми қағаздар орыс тілінде толтырылушы еді ол кезде. Онда Мариям Хакімжанова екеуі Байғаниннің қолжазбасын қарап шығып, редакциялық түзету енгізгені, 10 баспа табақ қолжазбаның дайын екені айтылған. Осы бумада тағы бір құнды жәдігер бар, ол Қазақстан Жазушылар одағы Президиумы Нұрпейіс Байғанинді Сталиндік сыйлыққа ұсынғаны жөнінде Қазақстан компартиясы (б) Орталық Комитетіне жазған шығармашылық мінездемесі. 1940 жылы 2-5-наурызда 6-Ақтөбе коммунистерінің конференциясында Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің лекторы Мустафин Нұрпейіс Байғаниннің шығармашылығын, шәкірт дайындаған еңбегін баса айтады, шалқарлық Ашубай, Ойыл ауданынан Ысмағұловты атап көрсетеді. Нұрпейіс Байғаниннің сөйлеген сөзі орыстіліне аударылған, 1949 жылы 9 тамызда дұрыстығын куәландырып қол қойылған. Ғылым академиясы бухгалтер орталығының бастығы К.Т.Ташеновке әдебиет секторы меңгерушісі М.С.Сильченко Н.Байғаниннің қаржылық мәселелеріне байланысты жазбаша түрде сұрау жүргізген. Жинақтай келгенде «Ғылым ордасы» РМК Ғылыми кітапхана мен М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба қорларында сақталған халық ақыны Нұрпейіс Байғаниннің мұрасын төртке бөліп қарастыруға болады. Олар: 1) өз шығармалары (өлеңдері мен поэмалары), 2) Нұрпейіс жырлаған жыр нұсқалары, 3) оның өмірі мен шығармашылығы жөніндегі деректанулық материалдар, 4) кеңес кезеңінде ақынның шығармалары жарияланған жинақтар мен кітаптардың көшірмелері. Екі бірдей қолжазба қорларындағы Нұрпейіс Байғанин шығармашылығына қатысты бумаларды ақтарғанда терең зерттеуді қажет ететін дүниелердің бар екенін анықтадық. Ғылыми қорларда, мұрағаттарда жинақталған қолжазбалар өскелең ұрпақтың бабалар мұрасын қастерлеуге, бағалауға, игеруге ықпал жасайды. Ғасырлар қойнауынан қалған әдеби жәдігеріміз өткен тарихтан сыр шертеді. Қолжазба қорында сақтаулы рухани шежіремізді тарқатып айтып, насихаттау қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Дүйсенов М., Лизунова Е.В., Нарымбетов Ә., Маловичко А.Л. Ұлы Отан соғысы кезіндегі әдебиет // Қазақ совет әдебиеті тарихының очеркі. – Алматы: ҚазССР ҒА баспасы, 1958.–70-86б.
2. Сейдаханов К. Қазіргі қазақ поэзиясы // Қазақ әдебиеті. Энциклопедия. – Алматы: 1999. – 347-352 б.